

**"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру"
мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 сәуірде № 38471 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. қолданысқа енгізіледі.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Саны реттеуге жататын балық түрлерін және басқа су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеде қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 15 сәуірдегі № 138
бұйрығына қосымша

**"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру"
мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

2-тарау. "Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат алуға арналған өтініш береді.

Бас тарту негіздерін және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 83-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат алуға арналған өтініш (бұдан әрі – өтініш) келіп түскен күні оны қабылдауды, "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ) тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге қарауға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Тізбенің 10-тармағында көзделген бас тарту негіздері анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы "Е-лицензиялау" МДҚ-дағы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды Қағидалардың талаптарына сәйкестігі мәніне қарайды және Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша саны реттеуге жататын балық түрлері мен басқа да су жануарларын алып қоюға арналған рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) ресімдейді.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында "Е-лицензиялаудағы" көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету

сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

2-параграф. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік–процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабында белгіленген тәртіппен шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын уәкілетті органға жібереді. Шағымда көрсетілген талаптар толық қанағаттандырылған, қолайлы әкімшілік акт қабылданған жағдайда, шағым шағымды қарайтын органға жіберілмейді.

11. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті органның ведомствосы, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

12. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті орган ведомствосының, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

- 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не барып тексеру;
- 2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қарауға уәкілеттік берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні

ішінде көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны және оның себептері туралы жазбаша түрде (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық түрде (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

13. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Кімге _____

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) кімнен _____

_____ (көрсетілетін қызмет алушының толық атауы) мекенжайы _____

_____ (индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, пәтер №) көрсетілетін қызметті алушының дерекнамалары _____

_____ (бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беруге арналған өтініш

Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беруді сұраймын.

Балық және басқа да су жануарлары санын реттеу мақсаты мен негіздері	Алып қою тәсілдері (аулау)	Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (бизнессәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)	Балық аулау объектілері болып табылмайтын, алып қойылатын балық және басқа да су жануарларының атауы мен көлемі (жыланбас – бір рұқсат бойынша 30 килограммнан аспайды)	С а н ы реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қою учаскесі (ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда, акватория шегінде шекаралары сипаттаумен)	С а н ы реттеуге жататын (балық және басқа да су жануарларын алып қою мерзімі	Жыныстық-жастық құрамы (қажет болған жағдайда)

Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растаймын және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініштің берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЭЦҚ)

"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 2-қосымша

"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру
2	Мемлекеттік қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
4	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Цифрлық (ішінара цифрландырылған)
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат немесе уәжді бас тарту
7	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат	Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және

8	объектілерінің жұмыс графигі	мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсететін орындардың мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
9	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттардың тізбесі	Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беруге арналған, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық нысандағы өтініш
10	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді толық ұсынбауы және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді ұсынуы; 2) берілген өтініштің Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанға сәйкес келмеуі; 3) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 1-тармағына сәйкес балық және басқа да су жануарларын алып қою лимитінің болмауы; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының дербес деректерді өңдеуге келісімінің болмауы; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген балық және басқа да су жануарларын алып қоюға шектеулердің және (немесе) тыйым салулардың болуы.
11	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен оның мәртебесі туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" веб-порталдағы "жеке кабинет" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414 және 8 800 080 7777 нөмірлері бойынша ала алады.

"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарлары түрлерін алып қоюға арналған
№ _____ рұқсат

		Балық және басқа да су жануарлары				
--	--	-----------------------------------	--	--	--	--

З а н д ы т ұ л ғ а н ы ң толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)	Балық және басқа да су жануарларын ың санын реттеудің мақсаты мен негіздері	с а н ы реттелетін акватория ауданы және учаскенің шекаралары (ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоспағанда, балық шаруашылығы субъектісімен келісу бойынша балық шаруашылығы аумақтарында)	Алып қою тәсілдері (аулау)	Балық және басқа да су жануарларын ың түрлері, сондай-ақ олардың жыныстық-жастық құрамы (қажет болған жағдайда)	Балық және басқа да су жануарларын алып қою мерзімі	Рұқсатты пайдалану туралы есепті аумақтық бөлімшеге ұсыну мерзімі (рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде)
---	--	---	-------------------------------	---	--	--

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

"Саны реттеуге жататын балық және басқа да су жануарларын алып қоюға рұқсат беру"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына 4-қосымша
Нысан

[Уәкілетті органның атауы]		[Уәкілетті органның атауы]
----------------------------	---	----------------------------

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту

Берілген күні: [Берілген күні]

[Көрсетілетін қызметті алушының атауы]

Тіркеу орны: Облыс:

[Облыс] Аудан: [Аудан]

Қала / елді мекен: [Қала/елді мекен]

[жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі] [БСН / ЖСН]

Мемлекеттік тіркеу күні [күні]

Бас тарту себебі:

[Бас тарту себебі] [Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]

(лауазымы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (ЭЦҚ)

20 ____ жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК